Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында халықтың денсаулығы жүйенің бар болуын және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін маңызды игіліктерінің бірі деп атап өтілген. «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы наркологиялық жәрдем берудің және халық денсаулығын, қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздігін қорғаудың кепілі болып табылады. Осы заңнамалық акт мемлекеттің есірткі саясатындағы және одан туындайтын сабақтас оқиғалар мен үдерістердің қатынасын айқындайды.

Бұл зерттеуде жоғарыда көрсетілген, 1998 жылы қабылданған және бүгінгі таңда ескірген заңи сипатқа ие жекелеген ережелері бар Заңның толық талдауы (мониторингі) көрсетілген.

Қолданыстағы халықаралық және ұлттық заңнаманың, заңды және арнайы әдебиеттің, мемлекеттің есірткі саласындағы саясатының құқық қолдану практикасының кең ауқымын нәтижелі қабылдау үшін талдамалы материал шартты түрде үшке

бөлінді: 1. Зерттеліп отырған саладағы Қазақстан территориясында қалыптасқан заңнаманы талдау. 2. Қолданыстағы «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жекелеген кемшіліктері. 3. Ұлттық заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдар.

Сонымен.

1. Зерттеліп отырған саладағы Қазақстан территориясында қалыптасқан заңнаманың талдауы келесіні көрсетті.

ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 жарлығымен Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілді, ол, өз кезегінде ҚР Конституциясының 1-бабының 40-тармағымен ұштасады. Тұжырымдамада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, оның ішінде терроризмнің, нәсілдік және діни экстремизмнің таралуын, заңсыз көші-қонның, **нашақорлық пен есірткі бизнесінің**, адам саудасының, компьютерлік қылмыстардың, атыс қаруын заңсыз жасау мен оның айналымының,

сыбайлас жемқорлық сипаттағы, сондай-ақ ақша жылыстату саласына жататын халықаралық қылмыстардың алдын алуға және болдырмауға бағытталған құқықтық нормаларды уақтылы енгізу және дұрыс қолдану жөніндегі жалғастыру құқық қорғау және сот жүйелерін, құқық қорғау институттарын дамытудың негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, бас бостандығынан айырылғандарды қоғамдық пайдалы еңбекке және/немесе оқытуға, әлеуметке қосу, оның ішінде есірткіге қарсы, алкогольге қарсы мазмұндағы әлеуметтік бағдарламаларға тарту арқылы не әлеуметтік белсенді қызметтің өзге түрлерімен жұмыспен қамту проблемаларын шешу өзекті болып табылады¹.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, халықаралық есірткі бизнесіне және заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылатын, орта мерзімді перспективаның компоненттері болып табылатын есірткі бизнесіне және нашақорлыққа қарсы күрес Қазақстан Республикасының даму жоспарының басым бағыты болып айқындалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы №387 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясы бекітілді. Осы Жарлық «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадамының» 33-ші қадамын іске асыру мақсатында әзірленді. Кешенді стратегияның мақсаты – бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды кешенді әлеуметке қосудың ұлттық жүйесін құру, оны тиімді іске асыру үшін қайталап қылмыс жасау деңгейін азайтуға ықпал ететін жағдайлар жасау болып табылады².

Атап айтқанда, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған адам-

дарды әлеуметке қосудың процесін жақсарту үшін жағдайларды жасау кезінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылатын науқастарды, әлеуметтік мәні бар немесе өзге де ауыр сырқаттармен (маскүнемдік, **нашақорлық**, туберкулез, қант диабеті, онкологиялық аурулар, АИТВ-жұқпасы, мүгедектігі) ауыратындарды емдеу сабақтастығының тетігін әзірлеу ұсынылады.

Азаматтардың денсаулық сақтау бойынша конституциялық құқығын іске асыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мәселелер «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV Қазақстан Республикасының Кодексында регламенттелген. Кодексте дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; сот-наркологиялық сараптама жүргізу; медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысу, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру; рецепт бойынша босатылатын, оның ішінде құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың жарнамасын жасау; маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету тетіктері нақты белгілендігін атап өткен жөн³.

Есірткімен заңсыз жұмыс істеу үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылық мәселелері ӘҚБтК және ҚР ҚК-де бекітілген.

Осылайша, талдап отырған Заң жалпы алғанда мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына және аралас салалық заңнаманың нысаналы ережелеріне сәйкес келетінін айтуға болады.

Халықаралық құқықтық алаңға келетін болсақ, Қазақстан Республикасы бірқатар

¹ «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығы

² «Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы №387 Жарлығы

³ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV Қазақстан Республикасының Кодексі

Конвенцияларға қосылып, мыналарды:

- Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі № 257 Заңымен Есірткі құралдары туралы 1961 жылғы бірыңғай конвенцияға 1972 жылғы Түзетулер жөніндегі хаттамаға сәйкес оған енгізілген түзетулермен бірге, есірткі құралдары туралы 1961 жылғы бірыңғай конвенцияны.

- Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 249 Заңымен 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияны.

- Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 шілдедегі № 246 Заңымен 1988 жылғы Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясын ратификациялады.

Осылайша, қосылу және ратификациялау рәсімдерін жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасы өзі үшін осы аталған 1961, 1971, 1988 жылдардағы Конвенциялардың міндеттілігіне келісім берді және осы саласындағы ұлттық және халықаралық заңнамалар арасында қайшылықтар туындаған жағдайда Конвенциялардың (жоғарыда көрсетілген) нормалары басымды құқыққа ие болады (халықаралық құқықтың басымдылығы).

Заңнаманың ескірген нормаларына келетін болсақ, қазіргі таңда заңнамалық актілердің электрондық каталогын енгізуге байланысты ескірген заңдар автоматты түрде жойылады. Демек, заңда ескірген нормалардың болуы «автоматикамен» азайтылады.

Сонымен қатар, 5-баптың 24-тармақшасында «осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді»⁴ ескі заңды құрылымы бар сөйлем қолданылған, осыған байланысты «Қазақстан Республикасы заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге өкілеттіктерді жүзеге асыру» жаңа тұжырымды қолданған абзал.

2. Норма шығармашылықтың заңнаманы жүйеге келтірудің, оны бұдан әрі заңнама салалары аясында шоғырландырудың, сондай-ақ заңнамада бар ескірген және қайталанатын нормаларды жоюдың, құқықтық реттеудегі олқылықтарды жоюдың, қолданыстағы құқықтың ішкі қайшылықтарды жоюдың тиімді құралдырының бірі ретінде **заңдарда бар сілтеме жасайтын нормаларды барынша азайту** және сәйкесінше олар бой-

ынша Конституцияға сәйкес заңнамалық актілердің қабылдануы мүмкін **мәселелер шеңберінде тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау практикасын кеңею** болып табылады.

«Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бланкетті (сілтеме жасайтын) нормалар жеткілікті екенін атап өткен жөн. Біздің ойымызша соңғылардың пайда болуы нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, адам құқықтары мен бостандықтарына және азаматтардың, ұйымдардың заңды мүдделеріне нұқсан келтіру орын алады.

Бәрімізге мәлім болғандай, «Ібіліс егжей-тегжейде жасырын тұрады». Отандық заң шығарушы БҰҰ қолайлы деп санайтын минималды шарттар сақталуының «кінәмшіл талаптарын» айтарлықтай іскерлікпен жасырды. Егжей-тегжейі заңға тәуелді актілердегі бланкеттік, сілтемелік түсіндіру институты (бұрын айтылған) арқылы анықталды.

Сөз Зерттелетін Заңның курсивпен белгіленген нормалары туралы болып отыр:

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда келесі негізгі түсініктер қолданылады:

5) есірткі, психотроптық заттармен және прекурсорлармен қамтамасыз ету нормативі (бұдан әрі - қамтамасыз ету нормативі) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында сату үшін заңды тұлғаларға рұқсат етілген белгілі бір есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар саны;

10) есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымы - Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырылатын есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы;

15) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативі (бұдан әрі - тұтыну нормативі) - нақты заңды тұлғалардың тұтынуы үшін қажетті, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәлімделген белгілі бір есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар саны;

20) Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімі (бұдан былай - Тізім) - халықаралық Конвенциялар

⁴ <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000279>

негізінде нөмірленген және тиісті кестелер мен тізімге біріктірілген, Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізбесі (1-қосымша);

21) құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді өсіру-апиын көкнәрімен сораны (каннабисті), халықаралық Конвенцияларға сәйкес Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, құрамында есірткі бар басқа да өсімдіктерді егу және өсіру;

22) құрамында есірткі, психотроптық заттар бар өсімдіктерді жинау - халықаралық Конвенцияларға сәйкес Тізімге енгізілген, құрамында есірткі бар жабайы өсетін немесе егілетін өсімдіктерді жинау;

34) уәкілетті органдар - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өздеріне берілген құзырет шегінде есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

35) уытқұмарлық – есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің әсеріне ұқсас психикаға белсенді әсер туғызатын және Қазақстан Республикасының республикалық заңнамалық актілері мен халықаралық конвенциялардың тізімдеріне енгізілген дәрілік препараттар мен табиғаты әртүрлі дәрілік емес заттарды шектен тыс пайдалану.

Мына:

- 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 21, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38-баптар да ұқсас құқықтық табиғатты қамтиды.

Негізгі қорытындыда осындай бланкеттік нормалардың **ӘДІСНАМАЛЫҚ** қоғамдық қауіптілігі кейін «немқұрайлы» қабылданған Заңның негізінде қабылданатын нұсқаулы нормалар «нормативті құқықтық актінің» мағынасы мен мазмұнын бұрмалап, тиісінше, **АТҚАРУШЫ БІЛІК ОРГАНДАРЫ ӨЗІНІҢ ФУНКЦИЯСЫНДА ЗАҢНАМАЛЫҚ БІЛІКТІ АЛМАСТЫРАТЫНЫ** көзделеді. Бұл, өз кезегінде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттырады және әдеттегідей азаматтардың сенім деңгейін соттық-құқықтық реформаға ғана емес, сол сияқты заңнамаға да төмендетеді. Біздің жағдайымызда «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында зерттеліп отырған саладағы жалпы жұрт таныған заманауи ойлау жетістіктері толық емес көрсетілген.

Ұсыным ретінде курсивпен белгі-

ленген сілтемелі-бланкетті нормаларды жаңартылған және БҰҰ-ның бүкіл Конвенцияларында (жоғарыда айтылған) қолданылатын заманауи халықаралық-құқықтық терминология арқылы айқындау қажет немесе сілтеме жасайтын нормаларды анықтау процесін автоматтандыру арқылы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге қолданыстағы құқық жағынан анағұрлым қанағаттанарлық негізгі ұйымдастырушылық-құқықтық элементтерді енгізе отырып, оларды өзектендіру қажет.

3. Есірткіні халықаралық және ұлттық бақылау жүйесі жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттар нарығының екпіндей дамуына дер қоюмен алғаш рет қиындыққа тап болды. Оларға нақты құқықтық мәртебесі бекітілмеуінен бақылау шараларын белгілеу кезінде елеулі проблемалар туындайды, сондай-ақ бұндай заттардың айналымда шексіз мөлшерде және кедергісіз жүруіне алғышарттар қалыптастырылады [1].

Жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттар – бұрын белгісіз болған химиялық әдіспен алынған, синтетикалық каннабиноидтар түрінде болатын есірткілік немесе психикаға белсенді әсер ету қасиеттеріне ие, қандай да бір табиғи есірткі заттың ерекшелігі бар, бірақ одан химиялық құрылыс бойынша өзгешеленетін субстанция.

Бұндай препараттардың тез таралуы жиі шынайы құрамын жасыратын интернет-магазиндер мен сайттардың басқыншылық жарнама саясатына, сондай-ақ адамның жүйке жүйесіне және жалпы алғанда адам ағзасына теріс және құртатын әсер тигізе отырып, осы құрамалардың тыйым салынған заттардың психикаға белсенді әсер ететін ерекшеліктерін қайталайтын немесе кейбір кездерде олардан асатын ерекшеліктердің бар болуына байланысты болады.

Жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттармен қарсы күрестің өзектілігін Біріккен Ұлттар Ұйымының есірткі және қылмыстылық жөніндегі Басқармасы атап өтеді. Мсәелен, 2013 жыл бойынша Есірткі туралы дүниежүзілік баяндамада «ресми» және «дизайнерлік» есірткілер ретінде сатылатын жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттар теңдесі жоқ жылдамдықпен таралып, қоғамдық денсаулық сақтауға және қауіпсіздікке күтпеген проблемаларды тудырады деп көрсетілген.

Есірткіні және нашақорлықты Еуропалық мониторингтеу орталығының деректері бойынша 2000 жылдан бастап 2005 жылға дейінгі кезеңде жыл сайын жаңа синтетикалық психикаға белсенді әсер ететін заттардың анықталуы туралы хабар-

лама орта есеппен бес рет келген болатын. 2013 жылы бұл көрсеткіш 81-ге дейін өсті, ал 2014 жылы – 100-ден асты.

Химиялық құрылымын өзерте отырып, психикаға белсенді әсер ететін заттардың жаңа түрлерін жасау мүмкіндіктері шексіз көптігі нормативтік бекіту рәсімінің ұзақтығына байланысты оларды уақтылы халықаралық бақылауға алуды қиындатады.

Бұл проблеманың өткірлігін ескере отырып, осы мәселелер 2016 жылдың сәуірінде әлемдік есірткі проблемасына арналған БҰҰ Бас Ассамблеясының арнаулы сессиясында қарастырылған.

Жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттардың таралуы Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалына да теріс әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Қазақстан территориясында синтетикалық каннабиноидтардың таралуын болдырмау шараларын қабылдау мақсатында 2010 жылы көрсетілген заттардың айналымына тыйым салынды.

Осылайша, 2011 жылы «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңға (бұдан әрі – Заң) Есірткі және психотропты заттардың тізіміне 27 синтетикалық каннабиноидпен толықтыруды көздейтін өзгерістер енгізілді.

Қабылданған шаралар белгілі бір уақытқа Қазақстанда синтетикалық кан-

набиноидты және басқа жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттардың таралуына жол бермей, алдын алу әсеріне жетуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, қабылданған шараларға қарамастан, жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттардың таралуы ары қарай өз дамуын тапты. Бұл ретте есірткі өндірушілер молекулярлық құрамды түрлендіру арқылы белгілі есірткілердің базалық формулаларына негізделе отырып, жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттардың синтезіне бас бұрған.

Қазақстан аумағында жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттар таралуының үрдісі ескеріле отырып, есірткі, психотроптық зат тектестердің айналымы үшін жауаптылық енгізілді [2].

Бұл ретте «тектес» ұғымы Заңда көзделген Есірткі мен психотроптық заттар тізіміне енбеген, заңсыз айналымдағы кез келген психикаға белсенді әсер ететін заттарды қамтитыны көзделген болатын.

Заңсыз айналымда пайда болатын барлық жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттар есірткі, психотроптық зат тектестерге жатқызылған болып көрінеді.

Бұл жаңашылдықтардың ерекшелігі – нақты, толық және заңнамалық актімен бекітілген есірткі, психотроптық зат тектестер тізімінің болмауында. Бұл ретте, сол немесе басқа белгісіз затты есірткі, психотроптық зат тектестерге жатқызу туралы шешім сот-сараптамалық зерттеуге





негізделген.

Дегенмен, тектестің химиялық формуласын анықтаумен қатар белгілі есірткі және психотроптық заттармен ұқсастығын, олардың нашакорлық қасиетін анықтау қажеттілігіне байланысты бұндай сараптамаларды жүргізу үшін қиындық туындады.

Сонымен қатар, 2015 жылы ішінде республика аумағында құқық қорғау органдары бірнеше рет бекітілген Есірткі және психотроптық заттар тізіміне енбейтін, сол сияқты сол тектестер болып табылмайтын жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттары тәркіленді.

Бұл кінәлі адамдарды жауаптылыққа тартудың тергеу және сот перспективаларының мүмкіндігін жоққа шығарды.

Осылайша, 2015 жылдың қаңтарында Батыс Қазақстан облысында құрамында АВ-PINACA-CHM синтетикалық каннабиноиды бар, салмағы 11 грамм, бекітілген Есірткі және психотроптық заттар тізіміне кірмейтін зат тәркіленді.

2015 жылдың мамырында Алматы қаласында салмағы 7 грамм, Жиынтық кестеге кірмейтін, пировалерон психотроптық заттың тектесі - α -пирролидиновалерофенон тәркіленді. 2016 жылы дәл осындай 7 факт тіркелген. Осылайша, қаңтарда Павлодар қаласында жедел іс-шаралар барысында салмағы 0,28 грамм, пировалерон психотроптық заттың тектесі болып табылатын пирролидиновалерофенон затын Интернет жүйесі арқылы сату фактісінің жолы кесілді⁵.

Мәселен, есірткі бизнесінің және оған байланысты трансұлттық ұйымдасқан есірткі қылмысының жаңа толқындары мен

қауіптері жағдайында жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттардың таралуы ең қауіпті үрдіс болып шықты. Қазақстан Республикасында есірткіні мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған әдістер ахуалдың даму қаупіне жеткілікті деңгейге сәйкес келмейді [3].

Елде жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттардың үнемі пайда болуы мен таралуын болдырмайтын қажетті алдын алу тетігінің жоқтығын мойындаған жөн.

Жаңа заттарды есірткі және психотроптық зат тектеске жатқызу тәртібі мен

тетігін реттеу үшін:

1) Үкіметке жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттардың тізімін жасау мен бекіту бойынша өкілеттіктерді беру қажет.

Ол үшін ұғымдық аппаратты «жаңа психикаға белсенді әсер ететін заттар» анықтамасымен толықтыру, сондай-ақ олардың тізімін қалыптастыру тәртібін бекіту қажет.

2) есірткі, психотроптық зат тектестер тұжырымдамасын мынадай редакцияда жазу қажет:

- «есірткі, психотроптық зат тектестер» – құрылымдық формулалары есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларында бір немесе бірнеше сутегі атомдары, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар оның ұқсас заттарына ауыстырумен құрылған, Қазақстан Республикасында бақылауға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енбеген химиялық заттар;

3) жаңа заттарды сол тектес заттарға жатқызу тетігі мен тәртібін реттеу үшін ұғымдық аппаратты сутегі атомдарының орын басушы анықтамасымен толықтыру қажет;

- «сутегі атомдарының, галогендердің және (немесе) гидроксильді топтардың орын басушы» – есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларында сутегі атомдарының, галогендердің, гидроксильді топтардың орын басушылары тізіміне енгізілген бір валентті немесе екі валентті атом немесе атом топтары.

4) ұсынылып отырған анықтамаға сәйкес есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларында сутегі

⁵ Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің ресми сайты

атомдарының, галогендердің және (немесе) гидроксильді топтардың орын басушыларының 48 атаудан тұратын Тізімді (жаңа форматта) бекіту қажет;

5) бақылауға алынған есірткілердің тізімін (жаңа форматта) Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткілерді бақылау жөніндегі Халықаралық Комитеті заңсыз айналымында анағұрлым көп кездесетін ретінде ұсынған синтетикалық есірткілердің негізгі топтарынан 65 қосынды атауымен толықтыру ұсынылады;

6) Есірткі, психотроптық заттарды және прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі көлеміне жатқызатын Жиынтық кестені бақылауға алынған барлық заттардың атаулары бойынша саралаушы көлемдермен толықтыру қажет.

Сонымен қатар, қарсы іс-қимыл, мемлекеттік бақылау субъектілері құзыретінің және уәкілетті органдардың үйлестіру және өзге де функцияларының реттелмеуін атап өту қажет. Сәйкесінше, уәкілетті органның біркелкі құзыреттерін айқындау нысанасына зерттеліп отырған Заңның 5-бабын өзектендіру қажеттігі туындайды.

Мемлекеттік есірткі саясатының бағыттарын құқық қолдану практикасына ендіру тетігінің болмауы зерттеліп отырған Заңның кемшіліктерінің бірі болып табылады. Бұрын Қазақстанның құқықтық кеңістігінде: 1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 маусымдағы №383 қаулысымен күші жойылған Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012-2016

жылдарға арналған салалық бағдарламасы; 2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қолданыста болды.

Қазіргі таңда құқықтық жүйеде ұқсас бағдарламалар (Республиканың белгіленген екі бағдарлама) жоқ. Демек, нашақорлықтың профилактикасы, нашақорлықты емдеу жүйесіндегі проблемаларды кешенді шешу бойынша, есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін дамыту бойынша; есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес тетігін күшейту арқылы есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу бойынша; есірткінің заңсыз айналымын және оларды асыра пайдалануды бақылау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту бойынша міндеттер көріністік сипатқа ие және оларды жүзеге асыруға толыққанды ықпал етпейді.

Бұл ретте, азаматтардың денсаулығын сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту және т.с.с. мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту мәселелері де толық реттелмеген, бұл есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымына саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың құқықтық негіздерінің әлсірету тәуекелін күшейтеді және олардың заңсыз айналымына қарсы күрес шараларын белгілейді.

ӘДЕБИЕТ

1. Пермяков М.В. Проблемы квалификации незаконного оборота наркотических средств и психотропных веществ // Мониторинг правоприменения, № 4 (34), 2013. – <http://cyberleninka.ru/article/n/problemy-k-valifikatsii-nezakonnogo-oborota-narkoticheskikh-sredstv-i-psihotropnyh-veschestv> (дата обращения 15.03.2017г.).
2. Исмагулов К.Е., Ахмеджанов Ф.Р. Некоторые вопросы совершенствования антинаркотического законодательства Республики Казахстан // Матер. междунар. научн.-практ. конфер. «Будущее без наркотиков», Астана, 2016г., Стр. 168-174.
3. Кусетов С. Механизмы противодействия наркобизнесу // Информационно-публицистический журнал «Наркопост» 1-2016г., Стр. 19-27.

REFERENCES

1. Permyakov M.V. Problemy kvalifikatsii nezakonnogo oborota narkoticheskikh sredstv i psyhotropnyh veshestv // Monitoring pravoprimereniya, № 4 (34), 2013. – <http://cyberleninka.ru/article/n/problemy-k-valifikatsii-nezakonnogo-oborota-narkoticheskikh-sredstv-i-psihotropnyh-veschestv> (data obrasheniya 15.03.2017)
2. Ismagulov K.E., Akhmedzhanov F.R. Nekotorye voprosy sovershenstvovaniya antinarkoticheskogo zakonodatelstva Respubliki Kazakhstan // Mater. mejdunar. nauchn.-prakt. konfer. «Budushee bez narkotikov», Str. 168-174.
3. Kusetov S. Mechanizmy protivodeystviya narkobiznesu // Informacionno-publicisticheskii jurnal «Narkopost» 1-2016г., Str. 19-27.